


«Бекітемін»

«Адырна» ұлттық-этнографиялық  
бірлестігі қоғамдық қорының  
директоры



А.С. Әубәкір

Шілде, 2019 жыл

## «Туған жер» шығармашылық байқауының ЕРЕЖЕСІ

**Байқаудың мақсаты** – жастардың патриоттық шығармашылығын дамыту.

### **Байқаудың міндеттері:**

- Жастардың ізденісін артыру;
- Жастарды туған жерінің патриоты болуға баулу;
- Жастар шығармашылығына көңіл бөлу;
- Ақын-жазушылар, суретшілер, өнертапқыштар мен жастар арасында байланыс орнату арқылы жастарға кәсіби мотивация беру;
- Ауылдардағы (шалғай елді-мекендерде) білікті жас мамандарды және өз ауылының көркеюіне үлес қосып жатқан кәсіпкерлерді БАҚ арқылы насихаттау.

### **Байқау номинациялары:**

**1-номинация.** «Үздік мақала». Бұл номинация бойынша жастар арасында үздік эссеге, әңгімеге шығармашылық байқау жарияланады.

**2-номинация.** «Үздік поэзия». Бұл номинация бойынша жастар арасында үздік өлеңге шығармашылық байқау жарияланады.

**3-номинация.** «Үздік бейнелеу өнері». Бұл номинация бойынша жастар арасында үздік суретке, бейнелеуге шығармашылық байқау жарияланады.

**4-номинация.** «Үздік өнертабыс». Бұл номинация бойынша жастар арасында үздік ғылыми, тұрмыстық және т.б. өнертабысқа байқау жарияланады.

**5-номинация.** «Үздік бейнеролик». Бұл номинация бойынша жастар арасында үздік бейнероликке шығармашылық байқау жарияланады.

**6-номинация.** «Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы». Бұл номинация бойынша жастар арасында үздік дәстүрлі ән мен күйге шығармашылық байқау жарияланады.

### **Байқау шарттары:**

- ✓ «Үздік мақала» номинациясы бойынша шығармашылық жұмыстар Microsoft Word түрінде қабылданады. Мақала көлемі 14 шрифтпен, 1,0 интервалмен, 5 беттен аспау керек.

- ✓ «Үздік поэзия» номинациясы бойынша шығармашылық жұмыстар Microsoft Word түрінде қабылданады. Өлеңнің көлемі 14 шрифтпен, 1,0 интервалмен, 120 жолдан аспау керек.
- ✓ «Үздік бейнелеу өнері» бойынша шығармашылық жұмыстар А3 форматындағы ватман қағазға (тығыздығы 200 граммнан кем емес) бейнеленіп, ұйымдастырушылардың мекен-жайына (**Алматы қаласы, Байзақов көшесі 222, 8-офис**) жолдануы тиіс. Сондай-ақ суреттің электронды нұсқасы jpg (300 пиксельден кем емес) түрінде ұйымдастырушылардың электронды поштасына жолдану керек.
- ✓ «Үздік өнертабыс» бойынша шығармашылық жұмыстар анимациялық видеоролик (ұзақтығы 1 минуттан артық емес) немесе презентация (слайд) түрінде қабылданады.
- ✓ «Үздік бейнеролик» бойынша шығармашылық жұмыстар электронды тасымалдағыш арқылы (USB флешка) ұйымдастырушылардың мекен-жайына (**Алматы қаласы, Байзақов көшесі 222, 8-офис**) және [adyrnafund@gmail.com](mailto:adyrnafund@gmail.com) электронды поштасына жолдануы тиіс. Бейнероликтің көлемі 720p-1080p аралығында.
- ✓ «Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы» номинациясы бойынша шығармашылық жұмыстар электронды тасымалдағыш арқылы (USB флешка) ұйымдастырушылардың мекен-жайына (**Алматы қаласы, Байзақов көшесі 222, 8-офис**) және [adyrnafund@gmail.com](mailto:adyrnafund@gmail.com) электронды поштасына жолдануы тиіс. Бейнероликтің көлемі 720p-1080p аралығында.
- ✓ Бір қатысушы бір номинацияға тек бір жұмыс қана жібере алады, ал жалпы 1 қатысушы байқау аясында тек 2 номинацияға ғана қатыса алады, одан артық жұмыс ұсына алмайды.
- ✓ Материалдар тек қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.
- ✓ Байқауға 14 пен 29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының тұрғындары қатыса алады.
- ✓ Қатысушылар шығармашылық жұмыстарға өздерінің толық аты-жөнін, телефон нөмерін, мекен-жайын және өздері туралы қысқаша мәліметті қосып жазып, [adyrnafund@gmail.com](mailto:adyrnafund@gmail.com) электронды поштасына жіберу керек.

#### **Байқау талаптары:**

- ✓ Байқауға шығармашылық жұмыстарды қабылдау 2019 жылдың 30-шілдесі күні Астана уақыты бойынша сағат 09.00-де басталып, **2019 жылдың 30-қыркүйегінде сағат 17.59-да** аяқталады.
- ✓ Қазақстанның егемендігіне, біртұтастығына, бірлігіне нұқсан келтіретін материалдар байқауға қабылданбайды және «Адырна» ұлттық порталында жарияланбайды.
- ✓ Шығармашылық жұмыстардың мазмұны жобаның атауына («Туған жер») сай болу керек.

#### **Байқау барысы:**

- Барлық шығармашылық жұмыстар «Адырна» ұлттық порталының «Туған жер» айдарына жарияланады.
- Жеңімпаздарды ақындардан, жазушылардан, суретшілерден, кәсіпкерлерден, журналистерден, қоғам қайраткерлерінен жасақталған қазылар алқасы анықтайды.
- Жеңімпаздар 2019 жылдың қазан айында Алматы қаласында өтетін қорытынды шығармашылық фестивалде марапатталады.
- Жеңімпаздар алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

#### **Байқауға қатысу үшін ұсынылған жұмыстар:**

- Объективтілігіне;
- Креативтілігіне;

- Мазмұнына;
- Көркемдігіне;
- Сапасына;
- Өзектілігіне және т.б.

**қарай бағаланады.**

**Жүлде қоры**

<i>«Үздік мақала»</i>	<i>«Үздік поэзия»</i>	<i>«Үздік бейнелеу өнері»</i>	<i>«Үздік өнертабыс»</i>	<i>«Үздік бейнеролик»</i>	<i>«Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы»</i>
1-орын – 130 мың теңге	1-орын – 130 мың теңге	1-орын – 130 мың теңге	1-орын – 130 мың теңге	1-орын – 130 мың теңге	1-орын – 130 мың теңге
2-орын – 90 мың теңге	2-орын – 90 мың теңге	2-орын – 90 мың теңге	2-орын – 90 мың теңге	2-орын – 90 мың теңге	2-орын – 90 мың теңге
3-орын – 60 мың теңге	3-орын – 60 мың теңге	3-орын – 60 мың теңге	3-орын – 60 мың теңге	3-орын – 60 мың теңге	3-орын – 60 мың теңге

**Ұйымдастырушылар:**

- ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның мемлекеттік гранты аясында «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры.

Толық ақпаратты 8 747 271 08 95 нөмірі арқылы біле аласыздар. (Сұрақтарыңызға дүйсенбі-жұма күндері аралығында сағат 09.00-18.00 арасында ғана жауап бере алады).